

НА СЕГОДНЯШНИЙ ДЕНЬ ЭЛЕКТРОННАЯ СИСТЕМА ПРОДАЖИ Ж/Д БИЛЕТОВ УСОВЕРШЕНСТВОВАНА И НЕ ПОЗВОЛЯЕТ АВТОРИЗИРОВАННЫМ ПОЛЬЗОВАТЕЛЯМ ПРОИЗВОДИТЬ ПЕРЕОФОРМЛЕНИЕ БИЛЕТОВ. ПРОЦЕСС ПОКУПКИ БИЛЕТОВ ПРОЗРАЧЕН, ПОЭТОМУ НЕВОЗМОЖНО СОВЕРШАТЬ ПРОТИВОПРАВНЫЕ ДЕЙСТВИЯ, СВЯЗАННЫЕ С РЕАЛИЗАЦИЕЙ БИЛЕТОВ.

Виктор БОШМАНН,
заместитель генерального директора АО «Пассажирские перевозки»
по маркетингу и продажам



№44 (2652)
15/06/2021

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

2021 жылдың 17 маусымынан бастап Нұрлы жол вокзал кешенінде «Ashyq» жобасы енгізіледі. Аталған жоба кеше елордадағы Нұр-Сұлтан теміржол вокзалына іске қосылды.



СЕРВИСТІК ҚЫЗМЕТ ДАМЫТЫЛУДА



«Жолаушылар тасымалы» акционерлік қоғамы компанияға қарасты теміржол көліктерінің қызметтерін пайдаланушы жолаушыларға жаз маусымының басталуымен жеңілдікке ие түрлі «тосынсыялар» жасауда.

Соның бірі, биылғы жаз маусымында жолаушылар Алматыдағы атақты «Шымбұлақ» тау шаңғысы курортының гондола жолына 15% жеңілдікпен баруға мүмкіндік алмақ. Мұндай жеңілдік беретін промо-кодтарды «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарынан сатып алуға болады.

Яғни, мұндай жеңілдікке тек «Жолаушылар тасымалы» компаниясы шығарған пойыз жолаушылары ғана ие болмақ. «Бұл жерде біздің қоғамның жолаушылары деп айтуымыздың себебі, бізден бөлек жекеменшік иелігіндегі коммерциялық пойыздар да жүреді. Көпшілік жағдайда жолаушылар пойыздардың барлығын «ҚТЖ» ҰК» АҚ меншігінде деп ойлап жатады. Шын мәнінде, жекеменшік тасымалдаушы пойыздар да бар. Ал жаңа атап өткен жеңілдікке ие болу үшін арнайы промо-кодтарды жолаушылар Алматы бағытында жүретін №106/105 «Петропавл-Алматы-2», №4/3 «Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол-Алматы», №10/9 «Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол-Алматы пойыздарындағы» мейрамхана вагондары қызметкерлеріне барып тегін ала алады. Бұл жерде біз промо-кодтарды жай ғана таратушы ролін атқарып отырмыз», – дейді бұл туралы Қоғамның Сату және клиенттермен жұмыс жүргізу департаментінің директоры Ерлан Жимайлов.

Осылайша, ұлттық тасымалдаушы жолаушыларға сервистік қызмет көрсетуді артарапандыра отырып, азаматтардың жазғы демалыс маусымына орай қолайлы жағдай жасаудың түрлі жолдарын қарастыруда. Еске салсақ, мұның алдын «Жолаушылар тасымалы» АҚ мен ONAY қызметі теміржол жолаушылары мен қалалық қоғамдық көліктер үшін аралас билетті әзірлеуге бағытталған бірлескен жол картасына қол қойғанын, сондай-ақ, Сарыағаш шипажайына ағылатын жолаушылар үшін Шымкентпен екі ортада арнайы автобустар шығарғанын да хабарлаған болатыбыз.

Сұлғұл БАКЕСОВА

«ASHYQ» жобасы – ВОКЗАЛДАРДА

Ислам ТАЛҒАТ,
Нұр-Сұлтан

ҚР Бас санитарлық дәрігерінің 2021 жылғы 03 маусымдағы №26 қаулысының талаптарына сәйкес «Ashyq» жобасы алдағы шілде айының 1-не дейін, яғни 2021 жылдың 21 маусымында Алматы-1, 2, сондай-ақ, Қарағанды және Өскемен вокзалдарына енгізілетін болады.

Ал 1 шілдеден бастап Көкшетау, Ақтөбе, Орал, Атырау, Семей, Қызылорда, Шу, Бейнеу вокзалдарында да аталған жоба күшіне енебек. Қазіргі сәтте әкімшілік құзырындағы Шым-

кент, Павлодар және Түркістан вокзалдарында «Ashyq» жобасының енгізілуіне осы облыстардың әкімшілігі жауапты. Бұл шара коронавирустық инфекцияның таралу қаупін азайту және оны жұқтыруға әкелетін байланыстар санын қысқарту мақсатында жүргізіліп жатыр.

QR-кодты сканерлейтін «Ashyq» кіру жүйесі Нұрлы жол вокзал кешенінің барлық кіреберістерінде жұмыс істейтін болады.

Жолаушылар арасындағы қашықтықты сақтау үшін вокзал кешенінің қызметкерлері жолаушылар ағынын кіреберістерге бөледі. Жолаушы кірген кезде QR-кодты Ashyq мобильді

қосымшасы арқылы немесе Kaspi.kz, Homebank, Aitu қосымшалар арқылы сканерлеу қажет.

Жолаушыда қосымша немесе смартфон болмаған жағдайда кіреберісте вокзал кешені қызметкеріне ЖСН көрсету қажет.

Шетелдіктердің статусы паспорттың нөмірі бойынша сол жерде тексеріледі. 18 жасқа дейінгі балалар тексеруден өтпейді.

Сондай-ақ, вокзал кешеніне «қызыл» және «сары» статусы бар адамдар кіргізілмейді. Өз статусын жолаушы www.ashyq.kz сайтындағы бейтарап QR-код арқылы алдын ала тексере алады.

Трансформация УПРАВЛЯТЬ В «ОДНО ЛИЦО»

В маневровом и пассажирском движении машинисты будут водить поезда без помощника. Управление составами в новом режиме обсудили в ходе установочного совещания в ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» в рамках программы «Цифровая трансформация».

Роман ЛЮБИМОВ,
Нур-Сұлтан

В мероприятии приняли участие руководители отделений ГП и локомотивных эксплуатационных депо.

Руководитель проекта «Перевод локомотивов на управление в «одно лицо» Иван Костыря уверен, что машинисты справятся с поставленной задачей.

– С развитием технологий и внедрением инноваций переход на

управление в «одно лицо» становится реальной возможностью. Во многих странах мира машинисты водят поезда без помощника, – отметил он.

Проект будет апробироваться в пилотном режиме в отдельных депо. К его участию планируют привлечь опытных машинистов с высоким классом квалификации.

В пассажирском движении перевод «в одно лицо» будет осуществляться по мере обновления или переоборудования парка локомотивов. В

маневровом движении тепловозы, предназначенные для управления в «одно лицо», будут оборудованы вторыми пультами управления, зеркалами заднего вида в обоих направлениях, устройством дистанционного расцепления автосцепки.

Как отмечают инициаторы проекта, делается это для увеличения производительности труда, а машинистам, которые будут водить поезда без помощника, предусмотрена надбавка к зарплате.

Инфраструктура КАПИТАЛЬНЫЙ РЕМОНТ – ГАРАНТИЯ БЕЗОПАСНОСТИ

В Серебрянской дистанции пути (ПЧ-38) начинается сезон летних путевых работ. Здесь запланирован средний ремонт хозяйственным способом на 7,8 километра пути, смена рельсов на кривых участках пути – 8 километров, модернизация рельсов с Р50 на Р65 – на 6,6. Но, конечно, это только часть работ в сложном, уникальном хозяйстве, каким является Серебрянская дистанция пути.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

По среднему ремонту пути путейцам надлежит сменить 5 760 шпал первого типа, по текущему содержанию необходимо сменить 5 тысяч шпал второго типа. Для предупреждения выхода скота на путь в Серебрянской дистанции пути запланировано построить километр проволочной изгороди, отремонтировать проволочную изгородь на 0,8 километра. Необходимо также уложить пять стрелочных переводов на

железобетонных брусках, привести к соответствию 12 кривых участков пути. Также путевой машиной МКТ путейцы нарежут 19 километров кюветов и водоотводных канав, сделают вырубку кустов, произведут очистку полосы отвода машинным комплексом МОК на протяжении 91 километра.

Исполняющий обязанности начальника Серебрянской дистанции пути Самат Сагилимов рассказал, что за летний период прошлого года на ПЧ-38 хозспособом выполнены работы по среднему ремонту пути.

Общая протяженность – 6,95 километра. Путейцы провели смену рельсов на кривых участках пути – 7,287 километра, выполнили модернизацию, то есть переход на более тяжелый тип рельсов. С Р50 на Р65 – на 1,612 километра, провели плано-предупредительную выправку 16 километров пути, 12 кривых привели в соответствие техническим параметрам.

– Механизированным отделочным комплексом в прошлом году вырублены кусты и очищены полосы отвода на 60 километрах, выполнена замена

пяти комплектов металлических частей стрелочного перевода, – отметил Самат Сагилимов.

Серебрянская дистанция пути, местом дислокации которой является станция Кумистау, – уникальное предприятие, аналогов которому нет по республике. Протяженность эксплуатационных путей – 172 километра, при этом 91,5 километра – участки с кривыми. Всего по дистанции числится 368 кривых. Серебрянская дистанция пути расположена в местности со сложными ландшафтно-рельефными условиями, в горной, лавиноподобной местности. Здесь расположено большое число искусственных сооружений – туннели и мосты, галереи подпорные и улавливающие стенки. Протяженность пути по рельсам Р 65 – 99,8 километра, Р50 – 72,2, бесстыкового пути – 4,989 километра, общее количество стрелок – 125, переездов – 13.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

БІРШОҒЫР ЖОЛ ДИСТАНЦИЯСЫНДА БИЫЛ БАРЛЫҒЫ

26 км

ЖОЛҒА ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

«ТЕМІРЖОЛ ЖӨНДЕУ» ЖШС ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ

50,8 км

ЖОЛҒА КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗІДІ

ҚОСТАНАЙ ЖТ БӨЛІМШЕСІНДЕ ТҮРЛІ ТҮСТІ КЕН ТИЕУ БЫЛТЫРҒЫДАН

31,9 тоннаға

АРТТЫ

КІДІРІС ШЫҒЫНҒА БАТЫРДЫ

Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан



МӘСЕЛЕ

Вагон иелері мен экспорттерлер Қытайға жүк қабылданбауы кесірінен үлкен шығынға батқандарына шағымданды. Бұл туралы Қытаймен шекаралас станциялардағы жағдай салалық қауымдастықтар өкілдерінің қатысуымен өткен онлайн кездесуде айтылды.

Қатысушылар қатарында Қазақстан тасымалдаушылар және вагон операторлары қауымдастығы, «Атамекен» ҰКП өкілдері, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі бар. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директоры Владимир Петров Қытайға вагондар беру мәселелерін реттеу бойынша қабылданған шаралар туралы баяндады.

«Биыл 11-20 маусым аралығында Достық станциясы арқылы әрі қарай Қытайға кететін контейнерлік жүктерден басқа барлық жүктер тасымалына мәжбүрлі түрде тыйым салынды. Ковидке қарсы қатаң шектеу шаралары кесірінен ҚХР жүк тиелген вагондарды қабылдауды уақытты жүргізбей отыр. Қазіргі таңда халықаралық түйісу нүктелерінде 180-нен астам жүк құрамы қозғалыстан шеттетілді, бұл Қазақстанның магистральдық желісінің өткізгіштік қабілетін төмендетеді. Бұл ретте ҚР мен ҚХР теміржол әкімшіліктері арасындағы тасымал жоспары бұрын келісілген, бұл көрші елдің келген жүкті қабылдауға дайын екендігі туралы ниетін білдірді, алайда іс жүзінде олай болмай қалды. Шектеу салу кезінде «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС қытай тарапына қалып қойған пойыздарды беруді жоспарлап отыр. Егер шекарадағы жағдай өзгерсе, шектеуді ұзартпаймыз», – деп түсіндірді ол.

Қазақстан тасымалдаушылар және вагон операторлары қауымдастығының бас директоры Салтанат Адамбаеваның айтуынша, шекара түбіндегі вагондардың кідіртуі вагон иелерін шығынға батыруда: «Біз бәріміз шығынға батып отырмыз. Жолда вагондардың кешігуін болдырмайтын шектеу шараларын енгізу және айыппұл санкцияларын қарастыру мәселелерін дұрыстап шешу керек» деді ол. «Транко» көлік логистикалық компаниясы директорының орынбасары Сергей Анашкин «Теміржол көлігі туралы» ҚР заңының 79-бабы шеңберінде жүк жеткізу мерзімін бұзғаны үшін жауапкершілік бар екенін еске салды. «Егер тасымал жоспары Қытаймен келісілген болса, тасымал жүзеге асуы тиіс» деді С. Анашкин. Оның айтуынша, Қытайға жүк қабылданбауы салдарынан қиын тұрмыстық және санитарлық жағдайда қалған жауапты қызметкерлер ол жүктерді соңына дейін бақылайды.

Отырыс қорытындысын шығара келе ҚР ИИДМ тасымалдаушыға жолда пойыздың кідіртуіне жол бермейтін қажетті шектеу шараларын қабылдауға және Қытаймен арада тиелген жүктерді қабылдау бойынша жұмыстарды күшейтуге, сонымен қатар тасымалдың баламалы нұсқаларын, соның ішінде контейнерлік тасымалға көшуді қарастыруды тапсырды.



БИЛЕТ ҚҰНЫ ҚЫМБАТТАМАЙДЫ

Қуан ЕРТИС,
Семей



ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫ

Алакөлге баратын туристердің диттеген жеріне кедергісіз жетуді үшін «Жалаңашкөл» станциясына дейін қатынайтын теміржол вагондарының саны көбейтілетінін осыған дейін айтқан болатынбыз.

Алайда Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен бірлесіп отырып, қосымша пойыздар шығару туралы өтініші де оң шешілді. Ендігі аралықта Алакөлге Нұр-Сұлтан, Алматы, Өскемен және Семей қалаларынан төрт бағыт бойынша пойыздар қатынайды. Бұған дейін Алматы қаласынан тұрақты түрде жұп күндері 352 орындық 8 вагон қатынап келген болатын. Ал биыл 18 маусымнан бастап «Алматы-Достық» бағытында аптасына үш рет жүретін, 560 орындық 10 вагондық жаңа тағы бір пойыз іске қосылды. Осы күннен бастап «Тұран экспресс» жеке тасымалдаушысы аталған бағыт бойынша 11 вагоны бар 504 орындық тағы бір пойызды жолға шығарады.

Сөйтіп, Алакөлге қатынайтын вагондардың жалпы саны 29-ға жететін болды. Сонымен қатар, Семей және Өскемен-1 станцияларынан жазғы кезеңде облыстық бюджеттен субсидияланатын екі пойыз, тиісінше 416 және 364 орындық 8 және 7 вагон жұмыс істейді. Бұған дейін мұнда 260 орындық бес вагон болған еді. «Қала маңы тасымалдары» АҚ-мен жүргізілген келіссөздерден кейін вагон санын 15-ке дейін арттыру туралы келісімге қол жеткізілді.

Жолаушылар билетінің құны былтырғы деңгейінде 3780 теңге көлемінде қалатын болды. Сонымен, Нұр-Сұлтан, Алматы, Өскемен және Семей қалаларынан қатынайтын вагондардың жалпы саны 68 болады. Сондай-ақ биыл автобустар саны да екі есеге дейін артып, облыстың екі қаласынан күн сайын 768 орындық 16 автобус қатынайды.

ҚАРАЖАТ МАҚСАТТЫ ЖҰМСАЛУДА



ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Қызылорда жол дистанциясында еңбек қорғау мен техникалық қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау бағытында кешенді жұмыстар жоспарланып, іске асырылуда.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Дистанцияның еңбек қорғау және техникалық қауіпсіздік инженері Майра Бадрақова атқарылып жатқан жұмыстар ең алдымен теміржолшылардың қауіпсіздігін арттыруға бағытталғанын білдірді. Үстіміздегі жылы дистанция теміржолшыларының қажетті тұрмыстық және еңбек қорғау жағдайларын жақсарту үшін кешенді іс-шара жоспары бойынша 16915,0 теңге бөлінген болса, 5 ай ішінде 1066,0 теңге көлеміндегі қаражат мақсатты жұмсалған екен.

– Өткен жылы дистанция жұмысшылары жүз пайыз қажетті киім-кешекпен қамтамасыз етілді және де былғы жылы да маусымдық киімдермен қамту жұмыстары атқарылуда. Еңбеккерлерді өндірістік жұмысқа қажетті киім-кешекпен, құрал-сайманмен қамтып, оларға қажетті жағдай жасау жыл сайын жүргізілетін шара болғандықтан биыл да бұл жұмыстар ретімен жүзеге асырылуда. Дистанция теміржолшылары үшін жыл басынан бері 21 түрлі маусымдық арнайы киімге тапсырыс беріліп, мерзімі бойынша тапсырыстың орындалуына тиісті барлық шаралар, яғни тапсырыс берілген заттарды жеткізіп беру, тапсыру-орындау

құжаттары рәсімделгендіктен жақын арада жеткізіледі деп күтілуде. Жалпы дистанция теміржолшыларының еңбегі мен қауіпсіздігі қатаң бақылауда, – дейді дистанцияның еңбек қорғау және техникалық қауіпсіздік инженері Майра Бадрақова.

Жол дистанциясының телімдерінде, жұмысшыларға арналған жұмыс орындарында, қызметтік ғимараттарда 393 киім шешетін гардероб, жуынып-шайынатын 26 душ, 43 қолжуғыш, 42 киім кептіретін шкаф бар.

Былығы жылдың басынан бері дистанцияның өндірістік телімдерінде адамдардың пойызға басылу деректері орын алған жоқ. Дегенмен осындай келеңсіз жағдайларды болдырмау үшін дистанциялықтар жолға технологиялық талаптарға сай күтім жасап, темір жолға жақын орналасқан елді мекендердің тұрғындарымен, оқушыларымен түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізіп келеді. Мәселен, олар жыл басынан бері 2581 адам қатыстырылған 89 жиын өткізген. 31 оқу орнында 4050 оқушыға теміржолдың аса қауіпті аймақ екені түсіндірілген. ЖШБ өкілдері мен ӨТЖ құзет сарбаздарымен бірігіп 46 рет рейд өткізілген. Темір жол бойындағы



жауу жүргіншілер өтетін өткелдер бойындағы 12 ескерту белгілері жаңартылған.

Дистанцияда жолшылардың жұмыс орны талапқа сай болуы үшін белгіленген тәртіп бойынша аттестациядан өткізіліп тұрады. Биыл бекітілген жоспар бойынша 6 жұмыс орнын аттестациядан өткізу жоспарланып, әзірлік жұмыстары жасалуда. Бекітілген келісім бойынша осыған дейін денсаулыққа зиянын және ауыр жұмыс жасайтын дистанция жолшыларына сүт беріліп келсе, биылдан бастап сүттің орнына құрамында 15 түрлі витамин қоспасы бар кисель беріледі. Осы уақытқа дейін бұл шырғынның 442 қорабы жолшыларға үлестірілген.

Жолшылардың техникалық қауіпсіздік және еңбек қорғау талаптарын қатаң сақтауы үшін дистанция басшылығы мен еңбек қорғау инженерлері тарапынан үнемі инспекциялық тексеру, бақылау жұмыстары мен техникалық сабақтар тұрақты жүргізіледі. Орын алған тосын жағдайлар қайталанбау үшін кезектен тыс пысықтау сабақтары да ұйымдастырылады. Техникалық сабақ өткізудің кестесі қазіргі карантиндік талаптарға сай өткізіледі.

Суретті түсірген автор

ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ШЫҢДАЛҒАН ШЕБЕРЛІК



КӘСІБИ – НӘСІБИ

Қандыағаш вагон пайдалану депосының қос вагон қараушысы апаттың алдын алды. Өте күрделі ақауға жататын дөңгелек дискісіне түскен сызат уақытында анықталып, вагон қараушылардың жауапкершілігі мен кәсіби шеберлігі жоғары бағаланды.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Қандыағаш станциясының вагон қараушылары Серік Нұранов пен Алматжан Аманжолов станцияға тоқтаған жүк пойызына техникалық тексеру жүргізу кезінде ақауды анықтаған. Вагон жеке компанияға тиесілі. Сызат түскен дөңгелектер 1990 жылы жасалған. Қазіргі уақытта ақау анықталған компанияның басқа вагондарына да тексеру жұмыстары жүріп жатыр.

Ал қауіпті ақауды анықтаған тәжірибелі теміржолшылар марапатқа ұсынылды. Серік Нұранов Қандыағаш вагон пайдалану депосында 28 жылдан бері еңбек етеді. Ол еңбек жолын жылжымалы құрамды жөндеуші слесарь болып бастаған. 2006 жылдан бастап техникалық қызмет көрсету бекетінде вагон қараушы-жөндеуші. Алматжан Аманжолов та салада 30 жылдан аса еңбек етеді. Жұмысын мойынтырғы жөндеу бойынша токарь болып бастап, кейін вагон қараушы-жөндеуші болып ауысқан. Қос теміржолшы да қол жеткізген жетістіктерін мақтаншы санамайды. Күнделікті жұмысымыз, міндетіміз деп біледі.

«Компанияны шығынға ұшыратпай, апаттың алдын алуға үлес қосқанымызға қуаныштымыз. Кез келген үлкен жетістіктің артында адам тұрады. Сондықтан әр теміржолшы темірдей тәртіпке бағынады. Қауіпсіздікке жауапкершілікпен қарау – міндетіміз», – дейді вагон қараушы Серік Нұранов.



Қандыағаш вагон пайдалану депосы басы-сының орынбасары Сәбит Нәшатаев техникалық қызмет көрсету бекетіндегі әрбір теміржолшының жауапкершілігі жоғары екенін айтты. «Ақау тіркелген вагонның жүк пойызы екенін ескерсек, екі вагон қараушымыздың жұмысы ерлікпен бірдей. Себебі бір вагоннан кеткен ақау толық құрамға зиянын келтіруі мүмкін еді. Қызметтерін жауапкершілікпен атқарып, қырағылық танытқан қос жігітімізді марапатқа ұсындық», – дейді Сәбит Нәшатаев.

Қандыағаш техникалық қызмет көрсету бекетінде 200-ден аса адам еңбек етеді. Олардың 70 пайызға жуығы тәжірибелі вагон қараушылар. Қандыағаш техникалық бекеті жылжымалы құрамның Сағыз, Ақтөбе, Никельтау, Сексеуілге дейінгі аралықтағы қозғалысына жауап береді.

Қластан тыс станция Атырау, Қызылорда, Орал, Қостанай секілді төрт облысқа пойыз жібереді.

«Қауіпсіздік техникасы бұл жай сөз емес. Теміржол саласында бұл күнделікті әдетімізге айналған өмір сүру дағдымыз. Стратегиялық аймақтағы әрбір мүлкімізді көзіміздің қарашындай қорғаймыз. Себебі осы жолдан күніге мыңдаған жолаушы, жүк пойыздары өтеді. Жауапкершілік жоғары деңгейде талап етіледі», – дейді С.Нәшатаев.

Депода вагон қараушылардың білімін арттыру мақсатында техникалық сабақтар тұрақты өтеді. Қазір пандемияға байланысты офлайн сабақтарға шектеу болса да вагон қараушыларға техникалық сабақтар тоқтаған жоқ. Айына екі рет білім жетілдіру мақсатында арнайы кестемен бекітілген техникалық сабақтар өтіп тұрады.

Суретті түсірген автор

МАЛ БАСУ ОҚИҒАСЫ ӨРШІП ТҮР...



ҚАУІПСІЗДІК

Қазіргі жаз мезгілінде далада қараусыз мал өріп жүр. Биылғы жылдың бес айында өңірде жүк және жолаушы пойыздарының мал басу оқиғасы 30-ға жеткен. Әсіресе, сиыр, түйе, жылқы малдары жол бойында жортып жүріп ажал құшуда...

Қосұым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Амал не, теміржолдың қауіпті аймақ екенін біле тұра пойыз астынан өтетіндер, малды жол бойына жаятындар азаяр емес. Атырау жүк тасымалы бөлімшесі қауіпсіздік инженері Ф.Қазжанованың айтуынша, биылғы жылы қозғалыс қауіпсіздігін бұзу, адам басу, жол-көлік оқиғалары тіркелмеген. «Жолда – адам» ережесіне сәйкес теміржолдан рұқсат етілмеген жерден өту бойынша алдын алу жұмыстары үнемі жүргізіліп келеді. Аталған тақырыпта елді мекендер мен мектептерде жиналыстар өткізіліп, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында мақалалар жарияланған. Соған қарамастан

жауу жүргіншілер өткелі бола тұра, адамдар рұқсат етілмеген жерден және пойыз астынан өтуді тоқтатпай отыр.

Әсіресе қауіпті саналатын жерлер Атырау-Махамбет, Махам-

бақташы қою, мал иелеріне ескерту жұмыстарын жүргізу жөнінде талай хаттар да жазылып жатыр, бірақ нәтиже көңіл көншітерліктей емес. Мал бағу ережелері туралы мыңдаған адамға үзінді көшірме берілсе де,



ӘСІРЕСЕ ҚАУІПТІ САНАЛАТЫН ЖЕР-ЛЕР АТЫРАУ-МАХАМБЕТ, МАХАМБЕТ-ҚЫЗЫЛЖАР, БАҚСАЙ-АҚҚЫСТАУ, ҚҰЛСАРЫ-ШОҚПАРТОҒАЙ, ЖАНТЕРЕК-МҰҚЫР-САҒЫЗ, ГАНЮШКИНО-АТЫРАУ АРАЛЫҚТАРЫ

бет-Қызылжар, Бақсай-Аққыстау, Құлсары-Шоқпартоғай, Жантерек-Мұқыр-Сағыз, Ганюшкино-Атырау аралықтары екен. Аудан әкімдеріне малды теміржол бойына жаймау,

өткен бес айда төрт түліктің кесірінен жүріп келе жатқан пойызды 134 шұғыл тоқтату орын алған. Былтыр осы мерзімде 150 шұғыл тежеу орын алып, мал басудың 11 оқиғасы тір-

келген болатын. Сегіз малдың иесі табылып, оларға әкімшілік жаза қолданылса, қалған үшеуінің иесі ақыры таптырмай кеткен. Ондай жағдайда шұғыл тежеудің шығынын «ҚТЖ» АҚ өтеуге тиіс. Сондықтан бұл жерде мал иелері мен жергілікті әкімдікті шығынды төлеуге міндеттеуді заң жүзінде бекітудің қажеттігі туындайды.

Атырау магистральдық желі бөлімшесінде жыл сайын жол дистанцияларының өз күшімен теміржол бойын малдан оқшаулау, қоршау, яғни тосқауыл-шарбақ салу жұмыстары жүргізіліп келеді. 2015 жылдан бастап Атырау магистральдық желі бөлімшесіне қарасты жол дистанциялары бойынша жолдарға мал өтпейтін шарбақ салу жұмыстары кезең-кезеңмен жүргізіліп келеді. Бүгінде 224 шақырымда қоршау бар, ол барлық ұзындықтың тек 27 пайызы ғана. Былтыр бөлімше қаражатына мал иелеріне 1000 дана жарықшағылдырғыш таратылған. Оның көмегі сол, түнгі уақыттарда мал мойнына байланған жарықшағылдырғыш машинистерге жарық беріп, алыстан көрініп тұрады. Мал басудан қорғайтын осындай шаралар орындалып жатыр, әйтсе де, мал иелері жауапкершілікті сезінуі тиіс дейді теміржолшылар.

ЛЕТО – ВРЕМЯ ПУТЕВЫХ РАБОТ



РЕМОНТ

Филиал ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» координирует работу структурных подразделений дороги. И первый опыт в данном направлении уже получен при проведении летних путевых работ.

Надежда НОВИЦКАЯ,
Кокшетау

– Модернизация железнодорожного пути направлена, прежде всего, на повышение безопасности движения и увеличение скоростей пассажирских и грузовых поездов, особенно на «контейнерном ходу» по маршруту КНР – Европа. Силами дистанции пути с применением путевых машин предусмотрен усиленно-средний, средний и подъемочный ремонт пути, – делится начальник оперативно-распорядительного отдела Расул Буратаев.

Проведение летних работ в Акмолинском отделении ГП – непростая задача из-за напряженного графика движения поездов на многих участках, большого количества пригородных и пассажирских поездов «Тальго» в летнее время. Поэтому приходится заблаговременно увязывать воедино все планы инфраструктуры Акмолинского отделения магистральной сети с интересами движущихся и локомотивщиков Акмолинского отделения ГП.

В 2021 году в отделении запланировано проведение капитального ремонта пути новыми материалами протяженностью 103,30 километра, из них 17,11 уже выполнено. Капитальный ремонт пути предусмотрен на участках Атбасар – Есиль на перегонах Жаксы – ОП-80 (четный



МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ПУТИ НАПРАВЛЕНА, ПРЕЖДЕ ВСЕГО, НА ПОВЫШЕНИЕ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ И УВЕЛИЧЕНИЕ СКОРОСТЕЙ ПАССАЖИРСКИХ И ГРУЗОВЫХ ПОЕЗДОВ, ОСОБЕННО НА «КОНТЕЙНЕРНОМ ХОДУ» ПО МАРШРУТУ КНР – ЕВРОПА.

путь 9,92 км), Перекатная – Казахская (нечетный путь 10,70 км), Казахская – Жаксы (нечетный путь 24,53 км), ОП-80 – Красивая – Казахская (нечетный путь 9,69 км). По станции Нур-Султан – обходной путь 3,51 километра, перегон Нур-Султан – Сороковая (3-й путь 9,68 км).

Также на однопутном участке Петропавловск – Кокшетау на перегонах Приречная – Азат (16,16 км), Жана-Турмыс – Канданды (19,11 км). Работы проводятся силами ТОО «Теміржол жөндейу».

Фото автора

Рационализаторство

ВСЕ ГЕНИАЛЬНОЕ ПРОСТО

Рацпредложение умельцев Уральского отряда негосударственной противопожарной службы, не имеющее аналогов не только в пожарных поездах Казахстана, но и в странах СНГ и Балтии, вошло в бюллетень новых поступлений Белорусской железной дороги.

Анна МАРЬИНА,
Уральск

Описание рацпредложения «Монтаж и крепление выдвижной пожарной лестницы под кузовом вагона-насосной станции пожарного поезда станции Уральск» размещено в разделе «Безопасность движения поездов». Авторы рацпредложения – начальник отряда Серик Кусаинов, мастер газодымозащитной службы Павел Кузнецкин и Серик Ибрашов, водитель пожарной автомашины Серик Дуйсенгалиев и начальник пожарного поезда Руслан Крыкбаев.

В 2018 году на базе пожарного поезда станции Уральск была смонтирована и укреплена под кузовом вагона-насосной станции пожарного поезда металлическая выдвижная пожарная лестница (ВПЛ),



состоящая из трех параллельно связанных колен. Ранее при серийном выпуске пожарных поездов в комплектацию по оснащению пожарно-техническим оборудованием эти

пожарные лестницы не предусматривались. С момента поставки ВПЛ их стали хранить в приспособленных местах поездов, чаще всего в машинном отделении, загромождая

места прохода и пути доступа к другим видам пожарно-технического оборудования и имущества, что затрудняло условия их снятия и выноса из вагона. Из-за отсутствия типовых мест и стандартных видов крепления возникла опасность падения лестниц с боковых стен вагона и потолочной части машинного отделения, куда их зачастую укладывали из-за негабаритных размеров.

Найденное уральскими рационализаторами техническое решение обеспечило беспрепятственный доступ к ВПЛ, возможность оперативного применения по назначению, что особенно важно при работе по тушению пожаров или ликвидации аварийных ситуаций на высоте, исключая нарушения техники безопасности, охраны труда и другие риски. До настоящего времени оно не имело аналогов, поскольку такие лестницы обычно комплектуются на крышах пожарных автомобилей.

На основании данного рацпредложения в июне 2018 года был издан информационный листок. Спустя два года оно дошло до белорусских коллег.

Фото автора

БЕЗ РИСКА ДЛЯ ЗДОРОВЬЯ



ПРОФИЛАКТИКА

Железнодорожники совместно с сотрудниками полиции ЛОП провели на станции Державинск профилактически-разъяснительную работу с населением для предупреждения и пресечения правонарушений на объектах железнодорожного транспорта.

Айлин БАУРЖАН,
Акмолинская область

Как показывают регулярные профилактические мероприятия, многие люди по-прежнему пренебрегают элементарными правилами безопасного поведения: ходят по путям, пересекают их в неполюженном месте перед подающими предупредительные гудки поездами. С годами добавилась новая беда – наушники и телефоны, полностью завладевшие вниманием пешеходов.

По словам сотрудников полиции, основным оружием в данном направлении служит доходчивое слово. Именно благодаря ему в течение нескольких часов были дове-

дены и разъяснены основные пункты статьи 434, 440, 441, 560, 204 и 449 административного Кодекса РК.

Приводя конкретные примеры и вручая памятки участникам рейда, отмечено, что только за пять месяцев привлечено к ответственности 1 835 правонарушителей, допущено 52 факта экстренного торможения. 22 случая связаны с местами массового несанкционированного перехода, или как их обычно называют «народными тропами», из-за выласа скота в полосу отвода железных дорог – 30. Общая



сумма наложенного штрафа на сегодняшний день составляет около 6 миллионов тенге.

Участники профилактически-разъяснительной работы надеются, что благодаря совместным усилиям удастся изменить от-

ношение к собственной безопасности в сознании жителей станции, а полученная информация поможет уберечь самое дорогое – жизнь и здоровье детей и взрослых.

Фото автора

РЕКОРД ПО ИТОГАМ МЕСЯЦА

Любовь РОВБА,
Нур-Султан



ПЕРЕВОЗКИ

По итогам прошлого месяца совместным предприятием железных дорог Казахстана, России и Беларуси – АО «ОТЛК ЕРА» – на маршруте Китай – Европа – Китай достигнут рекордный показатель перевозок – более 60 тысяч ДФЭ.

В мае 2021 года объем контейнерных перевозок на транзитных сервисах АО «ОТЛК ЕРА» составил 61,4 тысячи ДФЭ, это абсолютный рекорд по итогам месяца с начала операционной деятельности компании.

Общий объем перевозок на сервисах АО «ОТЛК ЕРА» с начала текущего года достиг 274,4 тысячи ДФЭ, что на 60% превышает показатель прошлого отчетного периода.

– Мы рады констатировать, что количество заявок на организацию перевозок по железной дороге растет. Одновременно с ростом переключения грузов на железную дорогу реализуется программа по сокращению выбросов парниковых газов транспортным сегментом во всем мире, – подчеркнул генеральный директор АО «ОТЛК ЕРА» Алексей Гром.



ПРИБЛИЖЕННЫЕ К РЕАЛЬНЫМ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



УЧЕНИЯ

На станции Костанай прошли тактико-специальные учения на тему «Условное тушение в лесном массиве Костанай-Северный».

Как сообщил начальник негосударственной железнодорожной противопожарной службы Костанайского региона Султан Смамбаев, в лесном массиве Костанай-Северный прошли тренировки по условному тушению лесных пожаров с привлечением пожарного поезда станции Костанай, государственной противопожарной службы и формированиями противопожарных звеньев гражданской защиты.

По тактическому замыслу, в результате грозового разряда возник пожар. На место возгорания немедленно выехали специальные подразделения, а также противопожарный поезд станции Костанай. В считанные минуты огнеборцы взяли ситуацию под контроль, локализовали, а затем ликвидировали возгорание. По итогам учений дана положительная оценка действиям железнодорожных пожарных.

– Цель учений – проверка готовности формирования, привлекаемых для тушения пожаров и отработка взаимодействия между ГУ «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ» ДЧС Костанайской области и АО «НК «Қазақстан темір жолы», – отметил Султан Смамбаев.

Фото автора

ҰЗАҚПАЙ ЖАПАРҰЛЫ МАМИН



2021 жылдың 13 маусымы күні 84 жасқа қараған шағында еңбек ардагері, Халықтар достығы және «Құрмет» ордендерінің иегері, Қазақстанның құрметті құрылысшысы, Ақмола облысының құрметті азаматы Ұзақбай Жапарұлы Мамин қайтыс болды.

Ұзақбай Жапарұлы 1937 жылы 1 наурызда Ақмола облысы Ерейментау ауданының Благодатное ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын құрылыс саласында бастады. Кейін «Целиноградэлеватормелітстрой», «Целиноградмонтаж» трестерінде, Целиноград облысының агроөнеркәсіптік комитетінің құрылыс кешенінде түрлі басшылық қызметтер атқарып, қатардағы маманнан ірі кәсіпорын жетекшісіне дейін ұзақ та жемісті еңбек жолынан өтті. Өзі туып-өскен Ақмола өңірінің өсіп-өркендеуіне зор үлес қосты.

Ұзақбай Жапарұлының жарқын бейнесі оны билетіндердің есінде мәңгі сақталады.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының басшылығы мен ұжымы марқұмның туған-туыстарына, ұлы – Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Асқар Маминге қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

13 июня 2021 года скончался ветеран труда, обладатель орденов «Құрмет» и «Халықтар достығы», Почетный строитель Казахстана, Почетный гражданин Акмолинской области

Мамин Узақбай Жапарович.

Совет ветеранов АО «НК «ҚТЖ» выражает искренние соболезнования семье и сыну – Премьер-министру Республики Казахстан Асқару Узақпаевичу Мамину в связи с безвременной кончиной его отца Мамина Узақбая Жапаровича и разделяет горечь невосполнимой утраты.
Н. Исингарин, К. Самбетов, Б. Дүйсемалиев, А. Саркыншаков, У. Абишев, А. Стародуб, А. Сельбаев, М. Хамзин.

Твои люди, магистраль! ЛУЧШИЕ ГОДЫ ЖИЗНИ – В ОТРАСЛИ

Почетный железнодорожник Кумаш Зарлыканов проработал на железной дороге более 40 лет. По признанию нашего героя, это лучшие годы в его жизни. Ведь именно во время работы на магистрали он встретил свою судьбу, создал счастливую семью, вместе с супругой они дали продолжение династии железнодорожников.

Асель ШАЙХИНОВА,
Нур-Султан

В эти дни Кумаша Аранго-женичи с большим почетом провожают на заслуженный отдых, озвучивая сотни теплых поздравлений от железнодорожников, которые с уважением рассказывают о своем коллеге.

Вызывают неподдельное восхищение его трудолюбие и преданность любимому делу, ведь более четырех десятков лет безупречного труда он отдал железной дороге. Вся его жизнь течет в ритме магистрали.

За эти годы трудно переоценить тот огромный вклад, который он внес в развитие казахстанской железной дороги, начиная с того момента, когда в далеком 1979 году пришел электромонтером

СЦБ в Матайскую дистанцию сигнализации и связи тогда еще Алма-Атинской железной дороги. Здесь он старался применить все те знания, которые получил во время учебы в Омском институте инженеров железнодорожного транспорта, где учился по специальности «инженер путей сообщения-электрик (автоматика, телемеханика и связь на транспорте)».

В своей трудовой копилке наш герой имеет такие высокие награды, как нагрудный знак «Почетному железнодорожнику», почетная грамота Министерства по инвестициям и развитию РК, юбилейная медаль «Казахстан Республикасына 10 жыл», юби-



лейная медаль «Казахстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл», памятный знак «Казахстан темір жолына 110 жыл», нагрудный знак «Біртұтас Қазақ темір жолына 50 жыл» и многие другие.

Кумаш Зарлыканов за эти годы блестяще прошел много этапов и ступеней карьерной лестницы. Работая менеджером филиала АО «НК «ҚТЖ»

– «Дирекция магистральной сети» департамента автоматки, телемеханики и телекоммуникаций, он профессионально решал самые сложные трудовые вопросы и задачи. Его всегда отличал новаторский подход во всем. Как опытный связист, он заботился об эффективности и безопасности труда, активно занимался техническим творчеством, разработал и внедрил около десятка предложений.

Как отмечают железнодорожники, наш герой – очень коммуникабельный, отзывчивый, спокойный, уравновешенный человек, пользующийся в коллективе заслуженным уважением. В эти дни он от всей души поздравляет его и желают здоровья, семейного благополучия и, конечно же, новых достижений и побед. Ведь не секрет, что именно во время заслуженного отдыха открывается второе дыхание и начинается новая интересная жизнь!

На вопрос, за что он любит железную дорогу, Кумаш Аранго-женичи, не задумываясь, отвечает:

– За то, что светла меня в самых лучших людях, дала возможность заниматься любимым делом.

Фото автора

ЕКІ МЫҢ ТЕМІРЖОЛШЫ ЕКПЕ АЛДЫ



Жансая СЫДЫҚБАЙ,
Шымкент-Түркістан

Айталық, Шымкент қаласы бойынша бүгінгі таңға дейін 175270 адам екпе алса, оның ішінде 85 233 екінші компонентті толық алып үлгерді. Ал Түркістан облысы бойынша 206 376 адам екпенің 1-ші компонентін қабылдады.

Шымкент жұқ тасымалы бойынша құрылған штабқа «Қазтеміртранс» АҚ Шымкент филиалы, «ӨТЖК» ЖШС Түркістан филиалы, «Кедентранссервис» АҚ Шымкент аймақтық филиалы және «Shymkent Medical Services» ЖШС мүше болып кірді.

Аталған штаб жұмысшылар мен олардың отбасы мүшелерінің екпе алуын, жұмысшыларға оның маңыздылығын түсіндіру мақсатында ақпараттық жұмыстарды күшейтуді, «Медикер» ЖШС аймақтық өкілдігімен немесе өңірлік денсаулық сақтау басқармаларымен бірлесіп, жұмысшыларды екпеден өткізетін пункттер ұйымдастыруды қамтамасыз етуді мойнына алды.

Шымкент магистральдық желі бөлімшесі кадр бөлімінің бастығы Б.Назарованың айтуынша, COVID-19-ға қарсы екпе алған әрбір жұмысшыға 20 жұмыс күні ішінде әр компонентті алғаннан кейін екпе пунктінен алып келген мөр басылған анықтамасы бойынша бір күн жұмыстан босатылады және жалақысынан ұсталмайды.

Қазір екпе алам деген халықта таңдау көбейді, яғни Спутник V, Hayat-Vax, QazVac. Келушілер қайсысын салдырам десе де өз еркі. Осы тұста бір айта кететін жайт, тұмау, фарингит, қан қысымы сияқты т.б. аурулар болғанымен, жазылған соң қайтадан келіп вакцина алуына болады дейді дәрігерлер. «Қазір бізде Hayat-Vax вакцинасы салынып жатыр, ол екі этаптан тұрады. Мұнда келген теміржолшылар көбіне қай түрі жақсы, қайсысын салдырғанымыз дұрыс, екпеден кейін қандай жағымсыз әсері болады деп сұрайды. Келген теміржолшыларға бәрін айтып түсіндіріп жатырмыз. Барлық вакциналар екі компонентті. Айырмашылығы екі компоненттің салыну арақашықтығында. Бастапқыда Спутник V-дің 2-ші компоненті 21 күннен кейін салынып, қосымша зерттеуден соң интервалды 21-ден 45, 90 күнге дейін ұзарту ұсынылды. Ол вакцина-ның сапасына еш әсер етпейді. Ал, араб вакцинасының интервалы 2-4 аптаны құрайды. Яғни екінші компонентті 14 күннен кейін салдыруға болады. Ал, QazVac 21 күннен кейін егіледі», – деді «Shymkent Medical Services» ЖШС бас медикесі Гүлбахар Сұлтанқызы.

Қазіргі таңда жұмысшылар мен олардың отбасыларын көбірек тарту мақсатында COVID-19 қарсы вакциналау штабы жақсы жұмыс жасап жатыр. Барлық бөлімшелерде халықты жаппай вакциналау туралы буклеттер таратылды. Сонымен қатар, емхана немесе Медикер орталығына тіркелмеген болса да жергілікті азаматтар барып вакцина алуына болатын жағдай жасалып қойған. Бүгінде дейін аймақта 2 мыңнан астам теміржолшы коронавируске қарсы екпе алды.

Суретті түсірген автор



ДАҢҚТЫ ТЕМІРЖОЛШЫ ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛДЫ



Бала күнінен еңбекке араласып, теміржолшы әулетінің негізін қалаған, бірнеше мемлекеттік марапат иегері атанып, ерен еңбектің үлгісін көрсеткен құрметті теміржолшы Серғазы Опалқожаевқа Қызылорда қаласынан көше аты берілді.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

1882 жылы туған Серғазы Опалқожаев он төрт жасында Қызылорда теміржол станциясының тауар бөліміне жүкші болып орналасып, еңбек жолын тым ерте бастайды. Ел басына күн туған елең-алаң жылдары Азамат соғысына қатысып, кейін Ұлы Отан соғысына аттанып, аман-есен оралған соң теміржол саласындағы еңбек жолын жалғастырып, үлкен жетістіктерге жете білген. 1935 жылы Кремльде өткен көлік қызметкерлерінің салтанатты жиынында Сыр елі теміржолшыларының атынан өкіл болып қатысқан, ал 1938 жылы Қазақ ССР Жоғары Кеңесінің бірінші шақырылымының

депутаты болған тұңғыш теміржолшы ретінде де есімі тарихқа алтын әріппен жазылған.

Депутаттық мандатын пайдалана білген теміржолшы сол кезеңдегі облыс тұрғындарының әлеуметтік мәселесі оңтайлы шешілуіне үлес қосып, қаланың ірге тасының нығаюына аянбай тер төккен. 1936 және 1951 жылдары екі рет Ленин орденімен, «Қызыл жұлдыз», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен қатар «Кавказды қорғағаны үшін» және «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін» медальдарымен марапатталған.

Серғазы Опалқожаев – 1968 жылы Қызылорда қаласының құрметті азаматы атағын алған тұңғыш теміржолшы. Даңқты жерлерінің атына көше аты берілу салтанатына қатысқан қызылордалықтар Серғазы Опалқожаевтың



ерен еңбегіне бас иіп, рухына құрмет көрсетті. Ардагер 1970 жылы дүниеден озған.

– Серғазы ағамыздың облысқа, оның теміржолына сіңірген еңбегі шексіз. Оның өзі ғана емес, ұл-қыздары да түгелдей теміржолға қызмет етті. Ендігі жерде Серғазы Опалқожаев көшесі қаламыздың ең көрікті де саялы көшелерінің бірі болады, ер есімі осылай еліміз мәңгі жасай берсін, – деді көшенің ашылуы салтанатында сөз алған Қызылорда теміржолы ардагерлер кеңесінің төрағасы Сисенбі Шермаханов.

Суретті түсірген автор

КРАСКИ ЛЕТА НА ХОЛСТЕ



По доброй традиции, Карагандинским филиалом АО «Казпрофтранс» для детей работников железной дороги регулярно проводятся различные мероприятия с вручением поощрительных призов.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Очередной конкурс детских рисунков «Менің жерім – менің елім» – «Моя земля – моя страна» был посвящен 30-летию независимости Казахстана.

По словам председателя филиала профсоюза Яхиин Альмусина, подобные конкурсы проводятся ежегодно, и благодаря им выявляются способности и талант ребят. Все работы демонстриро-



вались в режиме «онлайн» на популярной платформе соцсети Instagram. В этом году участники конкурса стали 90 ребят. В своем творческом процессе они использовали карандаши, краски и гуашь. Рисунки с элементами наступившего лета получились яркими и позитивными.

По итогам конкурса денежной

приемией в номинации «Творческий успех в Instagram» отмечена Даяна Жумагазы. Также были поощрены работы Константина Мирошенко, Жанболат Ақкерез, Викторин Зайлер в возрастной категории от 6 до 8 лет по трем номинациям «Казахстан, который я знаю», «Природа родного края» и «Моя мечта». Кроме того, награды получили дети от 9 до 12 лет – Арина Кудва, Аяулмыр Мырзабек, Адина Сайлаубек, Айзада Камкен, Анастасия Стеблина, Яна Мирошенко.


Всем участникам конкурса были вручены дипломы и поощрительные призы.

Кроме того, филиал профсоюза провел акцию по оказанию благотворительной помощи 16 работникам, воспитывающим детей с ограниченными физическими возможностями и имеющим на иждивении более трех человек.

Фото автора



Беда не спрашивает, готов ли ты к испытаниям, ведь к встрече с ней невозможно подготовиться. Она стучится в дверь неожиданно и делит жизнь на «до» и «после». В нашей новой рубрике мы призываем протянуть руку помощи коллегам-железнодорожникам, их детям, а также ветеранам магистрали, оказавшимся в трудной жизненной ситуации.



Дюсенбеков Даулет Асетович
В семью электромеханика СЦБ Екибастузской дистанции сигнализации и связи Шилбырбаева Асета Дюсенбековича пришла беда. Его сын Даулет Дюсенбеков борется с тяжелым заболеванием – врожденной нейтропенией. На данный

момент малышу требуется экстренная трансплантация костного мозга, стоимость которой составляет более 194 000 000 тенге. Семейная чета Шилбырбаевых просит неравнодушных людей не оставить их с этой страшной бедой. Они готовы на все, лишь бы их ребенка жил.

Мы просим всех помочь спасти жизнь ребенка. Для этого нужно лишь сейчас протянуть ему свою руку помощи.
Реквизиты: Kaspi 4400 4301 9122 4457 или по номеру телефона 8 771 043 22 23, Сбербанк 4263 4333 4073 0891, Halyk Bank 4405 6397 4596 8220.

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ
Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Газет басылатын қалалар:
Нур-Султан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұл көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, ауе және су көлігі қызметкерлерінің қасиеті одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Руба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жансая Сыдықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Асқат Райқұлов 8-700-330-01-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могой 8-777-893-66-76
Қостанай: Айдан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айлана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубеева 8-702-843-27-97
Көкшетау: Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нур-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күнәлігі берілді.